

**«Педагогикалық дуэт - 2022»
облыстық конкурсының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жалпы білім беретін мектептердің және мектепке дейінгі ұйымдардың педагог - тәлімгерлері мен жас педагогтері арасындағы **«Педагогикалық дуэт — 2022»** облыстық конкурсын (бұдан әрі-Конкурс) ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. «Педагогикалық дуэт – 2022» облыстық конкурсы (бұдан әрі – Конкурс) Павлодар облысы білім беру басқармасының және Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. Конкурс облыстың білім беру саласында тәлімгерліктің беделін арттыру, жалпы білім беретін ұйымдардың педагог-тәлімгерлерін, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтерін қолдау және жас мамандарды қолдауға педагог-тәлімгерлердің елеулі жеке үлесін таныту мақсатында өткізіледі.

1.4. Конкурс міндеттері:

- жас педагогтер мен олардың тәлімгерлерінің әлеуметтік мәртебесін және кәсіби деңгейін арттыру;

- педагогтердің жеке әлеуетін іске асыру, шығармашылық және кәсіби даралығын білдіру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- педагогикалық қоғамдастықты жас педагогтердің мәселелерімен таныстыру.

1.5. Конкурс қатысушылары: жалпы білім беретін мектептердің жас педагогтері, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері, олардың мамандандырылған, жалпы білім беретін мектептер, мектепке дейінгі ұйымдардың тәлімгерлері (педагогикалық қызметінің басталуы 2021 жылғы қыркүйек).

II. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Конкурс ұйымдастырушысы – Білім беру басқармасы және Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы.

Конкурс екі кезеңде өткізіледі: аудандық (қалалық) және облыстық.

III. Конкурстың ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының жұмысы

3.1. Конкурсты өткізу үшін білім беру басқармасы ұйымдастыру комитетін құрады; конкурсқа қатысушылардың кәсіби қызметін сараптау және бағалау үшін – қазылар алқасы құрылады.

Ұйымдастыру комитеті конкурсқа ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты жүзеге асырады және

- қазылар алқасының құрамын (№7 қосымша);
- конкурстық материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптарды айқындайды.

3.2. Ұйымдастыру комитеті конкурсты дайындау және өткізу барысында туындаған мәселелерді қарастырады, конкурстық материалдарды ұсыну формасын белгілейді, конкурстың қазылар алқасының жұмыс кестесін жасайды, әрбір кезеңді өткізу тәртібін айқындайды және т.б.

3.3. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін барлық кезеңдерде қазылар алқасының құқықтары берілген Конкурстық комиссия құрылады.
(№8 қосымша)

3.4. Конкурстық комиссияның құрамына ұйымдардың басшылары, жоғары білікті педагогтер, білім беру басқармасының (бөлімдерінің) мамандары, білім берудің кәсіподақ ұйымының басшысы, мектепке дейінгі, мектептегі білім беруге жетекшілік ететін орталықтардың әдіскерлері және т.б. кіреді.

3.5. Конкурстық комиссия мүшелері қатысушылардың ұсынылған материалдарын зерделейді, жеңімпаздарды анықтайды. Конкурстың қорытындысы бойынша жеңімпаз анықталып, келесі кезеңдерге қатысу үшін жіберіледі.

- конкурстың сырттай және күндізгі кезеңдері қатысушыларының тізімін бекітеді;
- конкурстың сырттай кезеңінің сараптамалық тобын және күндізгі кезеңінің қазылар алқасын бекітеді;
- ұсынылған материалдарды бағалау өлшемшарттарын әзірлейді;
- конкурсты қорытындылауды және жеңімпаздар мен лауреаттарды марапаттауды ұйымдастырады.

Конкурстың қазылар алқасы:

- келіп түскен материалдарға сараптама жүргізеді;
- кәсіби шеберлік деңгейін бағалайды.

3.6. **Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы:** Павлодар қаласы, Мир көшесі-22А, Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы.

IV. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу мерзімдері

4.1. Конкурс **екі кезеңде** өткізіледі

4.2. «Педагогикалық дуэт - 2022» облыстық конкурсына қатысу үшін
Квота:

Павлодар қ.-5, Екібастұз қ.-4, Ақсу қ.-3, аудандар-2,
мамандандырылған мектептер-1 дуэт.

4.3. **1- кезең** – аудандың немесе қалалық

а) ақпан – дайындық - конкурс туралы хабарлау;

б) мамыр – 2022 жылғы 28 мамырға дейін БАҚ-та және әлеуметтік желілерде, білім беру бөлімдері сайтында жариялай отырып, қалалық және аудандық күндізгі іріктеу турын өткізу

4.4. **2-кезең** – облыстық (2022 жылғы 1-28 маусым аралығында).

Облыстық кезең 2 турда өткізіледі:

4.5. **Бірінші тур (сырттай) (2022 жылғы 1-10 маусым аралығында.)**

Мақсаты: конкурс қатысушысының ұсынылған материалдарын зерделеу, педагогтерге кәсіби шеберлігін көрсетуге мүмкіндік беру, Конкурстың II турына қатысушыларды іріктеу.

4.6. Конкурстық материалдар қазақ немесе орыс тілдерінде рәсімделеді және Е портфолиоға жүктеледі.

4.7. Білім беру бөлімдері 2022 жылғы 28 мамырда ұйымдастыру комитетінің pavlinnocentre@mail.ru электронды поштасына электронды форматта ұсынады:

4.8. Дуэттердің аналитикалық материалдарына сараптама 2022 жылғы 10 маусымға дейін жүргізіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

4.9. **Екінші тур (күндізгі) 2022 жылғы 14-23 маусым аралығында**

2-турға 1 турдың қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған қатысушылар өтеді.

Мақсаты: «Педагогикалық дуэт» командасының қабілетін бағалау педагог + мектепке дейінгі, жалпы білім беру ұйымдарының тәлімгері, ұсынылған тақырыптар бойынша тәрбие мен оқытудың өзекті мәселелерін шешу бойынша педагогикалық қызметті жобалау, тәлімгерлік мәселелері бойынша кәсіби шеберлік деңгейін анықтау.

V. Конкурсант мәртебесін алу

5.1. Білім беру бөлімдері 2022 жылғы 28 мамырда ұйымдастыру комитетінің pavlinnocentre@mail.ru электронды поштасына электронды форматта ұсынылады:

5.2. Электрондық форматта келесі құжаттар жіберіледі:

- қатысушының өтінімі (№2 қосымша);

- тәлімгерді тағайындау туралы бұйрық;

- педагогикалық дуэт қатысушыларының түрлі-түсті фотосуреті;

- білім беру ұйымы әкімшілігінің конкурсқа қатысушылар («жас педагог – тәлімгер» жұбы) туралы пікірі, ол еркін формада жасалады және ұйым басшысының қолымен расталады (көлемі 1 беттен артық емес, 14 қаріп);

- Жас педагогтің «**XXI ғасырдың заманауи педагогі**» тақырыбындағы эссесі (№3 қосымша);

- бірлескен білім беру жобасы «**Менің білім беру саласындағы бастамам**» (№4 қосымша).

- **Е-портфолио** (материалдарды көруге арналған белсенді сілтеме көрсетілген).

5.3. Конкурсқа ұсынылған материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген немесе рәсімдеу мен мазмұнның конкурстық талаптарына сәйкес келмейтін материалдарды сарапшылар қарамайды және авторға қайтарылмайды.

5.4. Конкурстық материалдарды қарау қорытындылары туралы ақпарат - Конкурстың бірінші (сырттай) кезеңінің нәтижелері-Білім беру басқармасының және Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының сайтында «Конкурстар» бөлімінде орналастырылады.

5.5. Конкурсқа ұсынылған материалдардың авторлары оларды дайындау кезінде академиялық адалдықтың сақталуына кепілдік беруге міндетті.

5.6. Ұйымдастыру комитетіне материалдар мен қатысуға келісімді (№2 қосымша) ұсына отырып, авторлар ұйымдастыру комитеті мүшелері мен қазылар алқасының Конкурс мақсаттары үшін дербес деректерді пайдалануына келісім береді.

VI. Конкурсты өткізу регламенті және бағалау критерийлері.

6.1. Конкурстың облыстық кезеңін өткізу кезеңдері:

Бірінші тур (сырттай) конкурсқа қатысушылардың құжаттарын сараптау ***(2022 жылғы 1-10 маусым аралығында)***;

Екінші тур (күндізгі) кәсіби шеберлік «Табысқа апарар жол» ***(2022 жылғы 14-23 маусым аралығында)***

Екінші турға 1 турдың қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған қатысушылар өтеді.

6.2. **Сырттай кезеңде бірінші тур** конкурс қатысушыларының портфолиосын бағалау.

Бағалау критерийлері:

1) портфолио рәсімделуінің эстетикасы.

2) Эссе сараптамасы:

өзектілігі (уақыт талаптарына сәйкестік), тақырыпты ашу кезінде өз көзқарасын ұсыну (позициялар, қатынастар), авторлардың жалпы эрудициясы мен сауаттылығы, педагогикалық ойлаудың бірегейлігі мен тереңдігі, қоғамдық өмір фактілеріне немесе өз тәжірибесіне сүйене отырып, өз ұстанымын дәлелдеу, баяндаудың байланысы мен логикасы. (№3 қосымша)

3) «Менің білім беру саласындағы бастамам» бірлескен білім беру жобасын **сараптау**: білім беру жобасының өзектілігі, кәсіби эрудиция, тең авторлық дәрежесі. (№4 қосымша)

Конкурстың екінші (күндізгі) турына ең көп балл жинаған 10 педагогикалық дуэт шығады.

6.3. **Екінші тур** (күндізгі) кәсіби шеберлік «Табысқа апарар жол» (2022 жылғы 14-23 маусым аралығында)

- Педагогикалық дуэттің өзін-өзі таныстыруы (4 минут);

Шығармашылық өзін-өзі таныстырудың **мақсаты**: конкурс дуэтінің ғылыми - әдістемелік дайындық деңгейін, өзінің педагогикалық тәжірибесін жалпылау және ұсыну, кәсіби және азаматтық ұстанымын білдіру білігін көрсету.

Шығармашылық өзін-өзі таныстыру конкурсантқа өзінің жетістіктері, ниеттері, іскерліктері мен дағдылары туралы мәлімдеуге мүмкіндік береді. Өзін – өзі таныстырудың негізгі мәні-конкурс дуэтінің қолынан келетінінің бәрін көрсету. Педагогикалық қызметте қол жеткізілген маңызды кәсіби нәтижелерді талдау және ұсыну, олардың кәсіби өсуі мен жетістіктерін көрсету қажет.

- Бірлескен білім беру жобасын қорғау: (сұрақтарға жауаптарды қоса алғанда 7 минут).

Білім беру жобасының **мақсаты**: кәсіби сабақтастық, жас педагогтердің кәсіби қалыптасуына қолдау көрсету, педагогикалық мамандыққа қызығушылықты дағдыландыру.

6.4.Екінші күндізгі турды бағалау критерийлері кәсіби шеберлік «Табысқа апарар жол»

- Педагогикалық дуэттің өзін-өзі таныстыруы:

мазмұны, өзіндік ерекшелігі, ойдан шығару іскерлігі, креативтілік танытуы, жалпы мәдениет, регламентті сақтау. (№5 қосымша)

- Бірлескен білім беру жобасының презентациясы:

- Білім беру жобасы:

(авторлық олжалардың өзектілігі, олардың инновациялылығы, авторлық идеялардың дәлелділігі, енгізу және тарату мүмкіндігі, жобаны ұсындығын өзіндік ерекшелігі) (№6 қосымша)

VII. Конкурстық материалдарды рәсімдеу ережесі

7.1. Ұйымдастыру комитетіне материалдар электронды түрде жіберіледі.

Барлық мәтіндік материалдар Microsoft Word форматында ұсынылады, қаріп - Times New Roman; кегль 14 қалыпты – тығыздаусыз, жоларалық интервал — дара; ені бойынша туралау; жолдар: жоғарғы, төменгі, оң, сол – 2 см; азат жол – 1 см; тасымалсыз.

Конкурсқа қатысушының құжаттар жиынтығы бір папкаға жинақталады. Конкурстық құжаттама жиынтығының титулдық парағында конкурстың атауын, автордың тегін, атын, әкесінің атын, жұмыс орнын, лауазымын көрсету қажет.

7.2. Материалдарды папкаға орналастыру тәртібі:

1. конкурстың атауы, қатысушылардың тегі, аты, әкесінің аты (толық), жұмыс орны, лауазымы көрсетілген титул парағы;

2. ұсынылған материалдар (мазмұны);

3. өтінім-сауалнама;

4. білім беру ұйымының конкурсқа қатысушылардың жұмысы туралы пікірі;

5. «XXI ғасырдың заманауи педагогі» тақырыбына эссе;

6. бірлескен білім беру жобасының сипаттамасы;

7. қосымшалар (бар болған жағдайда).

7.3. Жоба (№4 қосымша)

- Жобаның көлемі мәтіннің 10 бетінен аспауы тиіс (қосымшаларсыз).

VIII. Конкурс қорытындысын шығару

8.1. «Педагогикалық дуэт-2022» облыстық конкурсының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

Бас жүлде; I орын; II орын; III орын

Номинациялар: **«Педагогикалық дуэт-бастамаға жол», «Зияткерлердің педагогикалық дуэті», «Креативті дуэт»**

8.2. Конкурстың облыстық кезеңінің жеңімпаздарына жас педагогтерге, тәлімгерлерге арналған облыстық семинарларда өз қызметін таныстыруға мүмкіндік беріледі.

8.3. Конкурстың барлық қатысушыларына жас педагогтер мен олардың тәлімгерлеріне арналған «Педагогикалық дуэт – 2022» облыстық конкурсының сертификаты беріледі

8.4. 2022 жылғы тамыз конференциясы шеңберінде конкурстың қорытындысы шығарылып, марапаттау жүргізіледі, ал конкурсқа ұсынылған жеңімпаздардың материалдары ББДИО сайтында жарияланады.

Анықтама телефоны: 8 (7182) 222082, 87774501948

Жас педагогтер мен олардың тәлімгерлеріне
арналған «Педагогикалық дуэт-2022»
облыстық конкурсының ережесіне
№2 қосымша

«Педагогикалық дуэт-2022»
облыстық конкурсына қатысуға өтінім-сауалнама

Жас педагогтің тегі, аты, әкесінің аты	
Білімі	
Жұмыс орны	
Жұмыс өтілі	
Оқытатын пәні	
Марапаттаулар мен алғыс хаттар	
Конкурстардың жеңімпазы немесе финалисті (егер болса)	
Дербес деректерді пайдалануға келісім	
Электрондық пошта, WhatsApp телефоны	
Педагог тәлімгердің тегі, аты, әкесінің аты	
Білімі	
Жұмыс орны	
Жұмыс өтілі	
Оқытатын пәні	
Марапаттаулар мен алғыс хаттар	
Дербес деректерді пайдалануға келісім	
Конкурстардың жеңімпазы немесе финалисті (егер болса)	
Электрондық пошта, WhatsApp телефоны	
Қажетті жабдықтар	

Өтінімді толтыру күні _____

Дуэттің жеке қолы _____

Білім беру ұйымы басшысының қолы _____

М.О.

Жас педагогтер мен олардың тәлімгерлеріне
арналған «Педагогикалық дуэт-2022»
облыстық конкурсының ережесіне
№3 қосымша

ЭССЕНІ бағалау өлшемшарттары

ЭССЕ (250-300 сөзден артық емес)	15
Эссе тақырыбын ашу	3
Тақырып толығымен ашылды	3
Тақырып ашылды, бірақ тақырыптан сәл ауытқу бар	2
Тақырып ішінара ашылды	1
Тақырып ашылмаған	0
Өз ұстанымын қолдау үшін дәлелдер мен қарсы дәлелдер жазу	3
Дәлелдер сенімді және дұрыс	3
Дәлелдер сенімді, бірақ түпнұсқа емес	2
Дәлелдер әлсіз	1
Дәлелдер орынсыз	0
Логика мен жүйелілік, тұжырымдардың болуы	3
Мәтінді нақты құрылымдау	3
Мәтін құрылымдалған, бірақ шамалы ауытқулар бар	2
Мәтін құрылымы дәйекті емес	1
Мәтін құрылымы жоқ	0
Педагогикалық ойлаудың бірегейлігі мен тереңдігі	3
Педагогикалық ойлаудың бірегейлігі мен тереңдігі жақсы ашылған	3
Педагогикалық ойлаудың бірегейлігі мен тереңдігі соншалықты сенімді емес	2
Педагогикалық ойлаудың бірегейлігі мен тереңдігі мүлдем түсініксіз	1
Жоқ	0
Емленің сақталуы, тілдік құралдарды қолдана білу	3
Мәтін сауатты жазылған, тілдің экспрессивті құралдары шебер қолданылған, жоғары жалпы эрудиция	3
Мәтін кішігірім грамматикалық қателіктермен жазылған, өзіндік көзқарас бар, бірақ әлсіз эрудиция	2
Грамматикалық және пунктуациялық қателер, әлсіз жалпы эрудиция бар	1
Мәтін сауатсыз жазылған	0

Жас педагогтер мен олардың тәлімгерлеріне
арналған «Педагогикалық дуэт-2022»
облыстық конкурсының ережесіне
№4 қосымша

**Бірлескен білім беру жобасының
құрылымы**

**«Менің білім беру саласындағы бастамам»
инновациялық білім беру жобасының паспорты**

Педагогикалық жобаның паспорты (қалай рәсімдеу қажет)

№	Бағыттар	
I.	Жобаның атауы:	
II.	Зерттеу тақырыбы:	
III.	Жобаны әзірлеу үшін негіздеме:	
IV.	Жоба жетекшілері:	
V.	Қатысушылар құрамы:	
VI.	Инновациялық жұмыс базасы:	
VII.	Жоба шешуге бағытталған қайшылықтар	
VIII.	Зерттеу мәселесі:	
IX.	Зерттеу мақсаты:	
X.	Жобаның мақсаттары:	
XI.	Жобадағы зерттеу объектісі:	
XII.	Жобадағы зерттеу пәні:	
XIII.	Зерттеу гипотезасы:	
XIV.	Жобадағы зерттеу міндеттері:	
XV.	Жобадағы қызмет бағыттарының мазмұны:	
XVI.	Жоба міндеттерін іске асыру шарттары:	
XVII.	Жоба тиімділігінің мақсатты көрсеткіштері:	
XVIII.	Жобаны іске асыру мерзімі:	
XIX.	Жобаны іске асыру кезеңдері:	
XX.	Жобаны іске асырудан күтілетін түпкі нәтижелер:	
XXI.	Жобаның қазіргі таңда іске асырылуының нәтижелілігі.	
XXII.	Әдебиеттер.	

XXIII.	Қосымша.	
--------	----------	--

Жобаның көлемі 10 беттен аспауы тиіс (қосымшасыз).

Жас педагогтер мен олардың тәлімгерлеріне
арналған «Педагогикалық дуэт-2022»
облыстық конкурсының ережесіне
№5 қосымша

Шығармашылық өзін-өзі таныстыруды бағалау өлшемшарттары:

1. Ұсынылған жұмыстың өзектілігі;
2. Ұсынылған жұмыстың практикалық маңыздылығы;
3. Ұсынылған жұмыстың инновациялық сипаты;
4. Ұсынылған құрылымның қисындылығы;
5. Материалды ұсынудың өзіндік ерекшелігі;
6. Мазмұнның тақырыпқа сәйкестігі;
7. Жалпы мәдениет (қарым-қатынас, сөйлеу мәдениеті) ;
8. Интернет-ресурстың педагогикалық тәжірибе, эссе тақырыбына сәйкестігі;
9. Интернет-ресурстың мазмұндылығы (өзектілігі, ақпараттылығы);
10. Интернет-ресурс материалдарының практикалық маңыздылығы;
11. Интернет - парақта немесе жеке сайтта ақпаратты ұсыну мәдениеті.

Жас педагогтер мен олардың тәлімгерлеріне
арналған «Педагогикалық дуэт-2022»
облыстық конкурсының ережесіне
№6 қосымша

Бірлескен жобаны қорғауды бағалау өлшемшарттары

- жобалық ойды іске асырудың қамтылуы (алынған жобадағы бастапқы мақсатты, талаптарды іске асыру деңгейі, барлық міндеттер шешілді ме?);
- педагогикалық жобаның барлық бөлімдерінің логикалық сәйкестігі;
- мәтінде қолданылатын негізгі ұғымдарды пысықтау;
- педагогикалық жобаның педагогикалық мәселенің нақты қызметін шешуге бағытталуы;
- жобада ұсынылатын мәселені шешу құралдарының мәдениеттілік деңгейі;
- жобаны іске асыру ауқымының нақты жағдайға, автордың педагогикалық және басқарушылық мүмкіндіктеріне сәйкестігі;
- жобалық идеяны іске асырудың нақты өлшемшарттарының болуы, оларды диагностикалық пайдалану мүмкіндігі.

Жоба жұмысын рәсімдеуді бағалау өлшемшарттары

Дұрыс және сауатты рәсімделуі (*титул парағы, мазмұны, беттердің нөмірленуі, кіріспе, қорытынды, терминдер сөздігінің, библиографияның болуы*);

- баяндаудың композициялық үйлесімділігі, логикалығы (*мәтіннің жекелеген бөліктерінің бірлігі, тұтастығы, бағынуы, өзара тәуелділік, мәтін мен бейненің толықтырылуы, мәтіндегі себеп-салдарлық байланыстардың көрінісі, пайымдау мен қорытындылардың болуы*);
- рәсімдеу сапасы (*мәтіннің айдары мен құрылымы, эскиздердің, схемалардың, суреттердің сапасы*);
- көрнекілігі (*бейнеқатар: графиктер, схемалар, макеттер және т.б., қабылдау үшін анықтық, қол жетімділік*);
- дербестік.

Жоба презентациясын бағалау өлшемшарттары

Баяндама сапасы (*композиция, жұмысты, тәсілдерді, нәтижелерді ұсынудың толықтығы; дәлелдеу және сенімділік*);

- тақырып бойынша (*немесе пән*) білім көлемі мен тереңдігі (*эрудиция, пәнаралық байланыстардың болуы*);
- қорғау кезінде таңдалған зерттеу тақырыбының толық ашылуы;
- жобаны ұсыну (*сөйлеу мәдениеті, көрнекі құралдарды қолдану, уақыт сезімі, импровизацияның басталуы, аудиторияның назарын аудару*);
- сұрақтарға жауаптар (*толық қамтылуы, дәйектілік, логика, сенімділік, достық*);
- баяндамашының іскерлік және ерік-жігер қасиеттері (*жауапкершілік, пікірталасқа дайындық, тілектестік, қарым-қатынас*);
- эстетикалық рәсімделген презентация.

